ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі

Ақпаратты қорғау

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУҒА, ОРНАТУҒА, РЕТКЕ КЕЛТІРУГЕ, ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ҚР СТ 34.022-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының индустрия мен сауда министірлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Гранит» Арнаулы конструкторлық-технологиялық бюросы» ЖШС **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитет төрағасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 550 бұйрығымен **ҚАБЫЛДАНЫП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта мынадай халықаралық құжаттардың: «ИСО/МЭК 15408-1:2005 ұсынымдары. Ақпараттық технологиялар. Қорғау әдістері. Ақпараттық технологияларды қорғауды бағалау критерийлері. 1-бөлім. Кіріспе және жалпы үлгі. ИСО/МЭК 15408-2:2005 ұсынымдары. Ақпараттық технологиялар. Қорғау әдістері. Ақпараттық технологияларды қорғауды бағалауға арналған критерийлер. 2-бөлім. Қауіпсіздіктің пайдалану талаптары. ИСО/МЭК 15408-3:2005 ұсынымдары. Ақпараттық технологиялар. Қорғау әдістері. Ақпараттық технологияларды қорғауды бағалауға арналған критерийлер. 3-бөлім. Қорғауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар» құжаттарының негізгі нормативтік ережелері ескерілген

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2011 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі

Ақпаратты қорғау

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУҒА, ОРНАТУҒА, РЕТКЕ КЕЛТІРУГЕ, ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Енгізілген күні 2008-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт қызметтің барлық түрлерінде пайдаланылатын, құрылуы және қолданылуы процесінде мемлекеттік құпияларға [1] қатысты мәліметтер бар қорғалатын ақпаратты өңдеу жүзеге асырылатын ақпараттық жүйелерге таратылады.

Осы стандарт ақпараттық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және пайдалану тәртібін белгілейді.

Осы стандарт ақпаратты қорғау сапасының кепілдігін жоғарлатуға үшін криптографиялық қорғау құралдарында қолданылады.

Осы стандарттың ережелерін ақпараттарды қорғау туралы құқықтық құжаттардың талаптарын орындау мәртебесі жөнінде міндеттемелер алған немесе міндетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және ұйымдары қолдануға тиісті.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта төмендегі нормативтік құжаттамаларға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 34.005-2002 Ақпараттық технология. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 34.013-2002 Ақпараттық технология. Ақпаратты есептегіш техника құралдарында өңдеу кезінде оны жанама электромагниттік сәулелену мен көздеулер арна бойынша жылыстауынан қорғау.

ҚР СТ 1171-2002 Қызметтік үй-жайларды акустикалық (сөйлеу) және дірілдету арналар бойынша акустикалық барлаудан қорғаудың тиімділігін бақылаудың типтік әдістемесі.

ҚР СТ 1200-2002 Ақпаратты қорғаудың мемлекеттік жүйесі. Мемлекеттік мекемелерде пайдаланылатын ақпаратты қорғаудың техникалық құралдары.

Ресми басылым

ҚР СТ 1201-2002 Ақпаратты қорғаудың мемлекеттік жүйесі. Ақпаратты қорғау құралдарын әзірлеу, келісу, бекіту және мемлекеттік тіркеуден өткізу тәртібі.

ҚР СТ 1202-2002 Ақпаратты қорғаудың мемлекеттік жүйесі. Ақпаратты қорғайтын техникалық құралдарға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 2.119-73 ҚҚБЖ. Нұсқалық жоба.

ГОСТ 2.120-73 ҚҚБЖ. Техникалық жоба.

ГОСТ 2.601-95 ҚҚБЖ. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 21552-84 Есептегіш техника құралдары. Жалпы техникалық талаптар, қабылдау, сынау әдістері, таңбалау, буып-түю, тасымалдау және сақтау.

ГОСТ 23773-88 Жалпы мақсатқа арналған есептегіш электрондық сандық машиналар. Сынау әдістері.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 34.005 стандартында белгіленген тиісті анықтамаларымен терминдер, сондай-ақ мынадай терминдер қолданылды:

3.1 **Тапсырыс беруші:** АЖ қойылатын талаптарды белгілейтін, оны құру жөніндегі жұмысты қаржыландыратын немесе оның тапсырысы бойынша АЖ құру (дамыту) және қызмет көрсету жүзеге асырылатын заңды тұлға (меншіктік тұлғасына тәуелсіз мемлекеттік орган немесе ұйым).

3.2 **Ақпараттық жүйе:** Ақпарат беретін және таратын, адами, техникалық және қаржылық ресурстар сияқты тиісті ұйымдастырушылық ресурстармен бірге ақпаратты өңдеу жүйесі.

3.3 **Мемлекеттік құпиялар:** Мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын, таратылуына мемлекет тиімді әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, барлау, контрбарлау, жедел іздестіру қызметтерін және өзге халықаралық құқықтың жалпы қабылданған нормаларына қайшы келмейтін қызметті жүзеге асыру мақсатында шек қоятын мемлекет қорғауындағы мәліметтер.

3.4 **Мемлекеттік құпия:** Жариялануы немесе жойылуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне зиян келтіретін немесе зиян келтіруі мүмкін әскери, экономикалық, саяси және өзге сипаттағы мәліметтер.

3.5 **Қызметтік құпия:** Мемлекеттік құпия құрамына кіре алатын, жариялануы немесе жойылуы мемлекеттің ұлттық мүдделеріне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар мен ұйымдарының мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін, жеке деректер сипаты бар мәліметтер.

3.6 **Қорғалатын ақпарат**: Жеке меншік болып табылатын және құқықтық құжаттар талаптарына немесе ақпарат иесі қойған талаптарға сәйкес қорғалуға тиісті ақпарат.

3.7 **Ақпараттандыру объектісі:** Берілген ақпараттық технологияға сәйкес пайдаланылатын ақпараттық ресурстардың, ақпаратты өңдеу құралдары мен жүйелерінің, ақпараттандыру объектісін қамтамасыз ететін құралдардың, олар орнатылған үй-жайлардың немесе объектілердің (ғимараттардың, құрылыстардың, техникалық құралдардың) немесе олар орнатылған үй-жайдың немесе объектінің жиынтығы.

3.8 **Ақпараттық қауіпсіздік:** АЖ ақпараты мен жабдығының құпиялыққа (санкцияланған қол жеткізуді қамтамасыз ету), бүтіндікке және қол жетімділікке қауіп төндіретін факторлардан қорғау.

3.9 **Қауіп-қатерлерді талдау:** АЖ қауіпсіздігіне және оның жеке құрамбөліктеріне төнетін қауіпті анықтау, олардың сипаттамаларын және әлуетті зиянын анықтау, сондай-ақ бақылаушы өлшегіш.

3.10 **Ақпарат қауіпсіздігіне қауіп-қатер:** Іске асырылуы ақпараттық процестерде заңды және жеке тұлғалардың құқықтарын, еркіндігі мен заңды мүдделерін бұзуға әкелетін ақпараттық қауіпсіздік объектілеріне қауіп төндіретін себептердің, шарттар мен факторлардың жиынтығы.

3.11 **Қорғалатын ақпаратқа әсер етуші фактор:** Нәтижесі қорғалатын ақпараттың таралуы, бұрмалануы, жойылуы немесе ақпаратқа қол жеткізуді бұғаттау болуы мүмкін құбылыс, әрекет немесе процесс.

3.12 **Ақпаратқа санкциясыз әсер ету**: Ақпараттың жария болуына, бұрмалауына, қолдан жасалуына, жойылуына, және оған қол жеткізілуін бұғаттауға, сондай-ақ ақпарат тасымалдаушының жойылып кетуіне, жойылуына немесе жаңылысуына әкелетін қол жеткізудің белгіленген құқықтарын және/немесе ережелерін бұза отырып қорғалатын ақпаратқа әсер ету.

3.13 **Ақпаратқа абайсызда әсер ету:** Ақпаратты пайдаланушының қателігі, техникалық және бағдарламалық құралдардың жаңылысуы, АЖ, сондай-ақ табиғи құбылыстар немесе техникалық құралдардың, жүйелердің жұмыс атқаруымен немесе ақпаратты бұрмалауға, жоюға, көшіруге, оған қол жеткізуді бұғаттауға, сондай-ақ оны тасымалдаушының жойылып кетуіне, жойылуына немесе жұмысының жаңылысуына әкелетін адам қызметімен байланысты өзге де ақпаратты өзгертуге мақсатқа сай бағытталған әсер.

3.14 **Ақпараттық қауіпсіздік саясаты:** Ақпараттық қауіпсіздік (АҚк) саласында басқару және жобалық шешімдерді анықтайтын құжаттар жиынтығы.

3.15 **Қорғау пішіні:** Атқарымдық талаптардың және кепілділік талаптарының терминдерімен ҚА қамтамасыз ету міндеттерін сипаттайтын құжат.

3.16 **ҚА қамтамасыз ету тетіктерінің кепілділігі:** ҚА қамтамасыз ететін пайдаланылатын тетіктерінің таңдалған атқарымдық талаптарға барабарлығын бағалау.

3.17 **Техникалық тапсырма:** Тапсырыс берушінің келісім-шартты жүзеге асыру кезінде орындалатын міндеттерді сипаттау және анықтау үшін құрал ретінде қолданылатын құжат.

3.18 **Пайдаланушы:** АЖ –ге командалар мен хабарламалар жіберетін және одан ақпарат алатын біреу немесе бір нәрсе. Машиналар немесе басқа жүйелер, сонымен қатар адамдар пайдаланушылар бола алады.

3.19 **АЖ әдістемелік қамтамасыз ету:** Автоматтандырылған қызметті, пайдаланушының нұсқаулықтарын орындау жүйесін және қосалқы жүйесін, әдістемесін (технологиясын) сипаттауды қоса, пайдаланушының ақпараттандыру құралдары жиынтығымен өзара әрекетін сипаттайтын құжаттар.

3.20 **АЖ ұйымдық қамтамасыз ету:** АЖ жұмыс жасау кезінде бөлімшелердің ұйымдық құрылымын, функцияларын және өзара әрекеттесу тәртібін, соның ішінде қызметкерлер нұсқаулықтарын белгілейтін құжаттар (ережелер, қызмет нұсқаулықтары, штаттық кестелер, біліктілік талаптары және т.б.).

3.21 **АЖ құрамбөлігі:** АЖ бөлімшесіндегі белгілі бір функцияны орындайтын және оның жұмысын қамтамасыз ететін қамтамасыз ету түрлерінің (техникалық, бағдарламалық, ақпараттық және басқа) бір элементі.

3.22 **Ақпараттық технологиялар жабдығы:** Деректерді және байланыс хабарламаларын енгізумен, сақтаумен, бейнелеумен, іздеумен, берумен, өңдеумен, басқарумен немесе жалғаумен байланысты функцияны орындайтын кез келген жабдық.

3.23 **Режимді үй-жайлар:** Құпия жұмыстар жасалатын, құпия құжаттар мен өнімдер сақталатын, басқа құпия ақпарат таралатын, сонымен қатар оны өңдеуге арналған техникалық құралдар орнатылған үй-жайлар.

3.24 **Негізгі техникалық құралдар:** Есептегіш техника құралдары, байланыс, дыбыс жазу мен дыбыс күшейту және дыбыс жаңғырту құралдары, сөйлесу және теледидар құрылғылары, құжаттарды дайындау мен көбейту құралдары, киножобалық аппаратура, электрожабдықтар жүйелері және құпия ақпаратты өңдеуге қолданылатын немесе құпия ақпаратты өңдеуге қолданылмайтын, бірақ режимді үй-жайлардағы басқа құралдар мен жүйелер.

3.25 **Көмекші техникалық құралдар**: Құпия ақпаратты өңдеуде тікелей қатысы жоқ, бірақ негізгі техникалық құралдармен бірге қолданылатын және негізгі техникалық құралдардың электромагниттік өріс аймағындағы техникалық құралдар.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы стандартта мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылды:
ҚА - ақпараттық қауіпсіздік;
АЖ – ақпараттық жүйе;
АҚ – ақпаратты қорғау;
ТТТ – тактикалық-техникалық тапсырма;
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмыс;
ТКЖ - тәжірибелік-құрастырылымдық жұмыс;
ЖЭМСШК - жанама электромагнитті сәулеленулер мен көздеулер;
ҚНмЕ – құрылыс нормалары мен ережелер.

5 Жалпы ережелер

5.1 АЖ құрудың және іске енгізудің мақсатқа сәйкестігі әлеуметтік, ғылыми-техникалық немесе АЖ жұмысқа енгізу нәтижесінде алынатын басқа тиімді әсерлермен анықталады.

5.2 АЖ жобалау (жаңғырту) және енгізу әдетте ТҚЖ шегінде жүргізіледі. ТКЖ негізгі қатысушыларының функциялары, олардың арасындағы өзара қарым-қатынастар және аяқталған ТКЖ іске асыру тәртібі ҚР СТ 1201 анықталған.

5.3 Жаңадан құрылатын (жаңғыртылатын) АЖ жобалау және енгізу ТТ сәйкес жүргізіледі. АЖ-дегі ТТ АЖ-ге қойылатын талаптарды, құру (жаңғырту) тәртібін және пайдалануға енгізу кезінде қабылдауды анықтайтын негізгі құжат болып табылады.

5.4 АЖ жобалау (жаңғырту), құрастыру және пайдалану процесінде АЖ техникалық, бағдарламалық құралдарына және ақпараттық ресурстарына әзірлеушілердің, құрастыру мен баптау жөніндегі мамандардың, пайдаланушылардың, қызмет көрсететін және пайдаланушы қызметкерлер құрамының қол жеткізуге рұқсат беру жүйесі ұйымдастырылуға тиіс. Мамандардың аталған топтарында тиісті нысаны бойынша мемлекеттік құпияларға қол жеткізуге рұқсаты болуға тиіс.

5.5 Әзірлеушілердің, пайдаланушылардың, қызмет көрсететін және пайдаланушы қызметкерлердің АЖ ресурстарына қол жеткізу жөніндегі өкілеттіктерін тапсырыс беруші белгілейді.

5.6 АЖ тапсырыс берушісі, меншік иесі (иесі), сонымен қатар АЖ құруға қатысушы-ұйымдар АЖ-де өңделетін ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге және АЖ құрудың және пайдаланудың барлық сатыларында АҚ бойынша жұмыстарды орындауға жауап береді.

5.7 АЖ құру жөніндегі жұмыстарға қатысушы ұйымдарда ақпаратты қорғау саласында жұмыс жасау құқығына лицензиясы болуға тиіс. Ұйымдарды лицензиялау белгіленген тәртіппен [1] жүзеге асырылады.

5.8 АЖ құру үшін ақпаратты өңдейтін сериялық шығарылатын да, сондай-ақ жаңадан әзірленген техникалық және бағдарламалық құралдарда, сонымен қатар ақпаратты қорғайтын техникалық, бағдарламалық, бағдарламалық-техникалық, криптографиялық құралдар және АҚ тиімділігін бақылауға арналған құралдар қолданыла алады. Қолданылатын құралдарда сәйкестікті растау жөніндегі тиісті органдар берген ақпарат қауіпсіздігі талаптары бойынша сәйкестік сертификаттары болуға тиіс.

Жаңадан әзірленген құралдар АЖ тәжірибелік пайдалану басталғанға дейін белгілі тәртіппен сертификатталуға тиіс.

5.9 АЖ пайдалануды тоқтату мынадай негіздер бойынша:

- белгіленген тәртіппен рәсімделген АЖ меншік иесінің (иесінің) шешімі бойынша;
- қорғалатын ақпараттың ақпаратты қорғау жөніндегі нормативтік құжаттардың талабына сәйкес еместігі себебінен немесе ақпараттың жылыстауына әкелетін себептерден немесе басқа қауіп-қатерлерден қадағалау (бақылау) органы қабылдаған шешімге байланысты;
- сот шешімі бойынша қарастырылады.

6 Ақпараттық жүйелерді жобалау

6.1 АЖ құру сатылары мен кезеңдері

АЖ құру процесі бір мезгілге реттелген, өзара байланысты, сатылар мен кезеңдерге біріккен жұмыстардың жиынтығын білдіреді. АЖ құру сатылары мен кезеңдері 1-кестеде берілген.

1 кесте - АЖ құру сатылары мен кезеңдері

АЖ құру саты	Жұмыс кезеңдері
1 АЖ-ге қойылатын талаптарды қалыптастыру	1.1 Нысанды тексеру және АЖ құру қажеттілігін негіздеу. 1.2 АЖ-ге тапсырыс берушінің бастапқы талаптарын қалыптастыру. 1.3 Орындалатын жұмыс туралы есепті және АЖ әзірлеуге өтінімдерді рәсімдеу.
2 АЖ тұжырымдамасын және ҚА тұжырымдамасын әзірлеу	2.1 Ақпараттандыру нысанын зерттеу. 2.2 ҒЗЖ жүргізу (қажет кезде). 2.3 АЖ тұжырымдамасының нұсқалары мен ҚА тұжырымдамасының нұсқаларын әзірлеу, АЖ тұжырымдамасының нұсқалары мен ҚА тұжырымдамасының нұсқаларын таңдау.

	2.4 Аванжобаға техникалық (тактика-техникалық) тапсырма әзірлеу. 2.5 Орындалған жұмыс туралы есепті рәсімдеу. 2.6 Аванжоба әзірлеуге тапсырыс беруші мен орындаушының ортақ шешімін рәсімдеу.
3 Аванжоба	3.1 АЖ тұтастай ТТ-да әзірлеу. 3.2 АЖ ішкі жүйелеріне жеке ТТ әзірлеу.
4 Эскиз жоба	4.1 Жұмыс жасау тетіктерін іске асыратын АЖ таңдалған нұсқасы бойынша алдын ала жобалық шешімдерді әзірлеу. 4.2 АЖ және оның бөлімдеріне құжаттама әзірлеу.
5 Техникалық жоба	5.1 Жүйе бойынша және оның құрамбөліктеріне жобалық шешімдерді әзірлеу. 5.2 АЖ-ге және оның бөліктеріне құжаттама әзірлеу. 5.3 Жинақтаушы бұйымға арналған құжаттарды және/немесе оларды әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаларды (техникалық талаптарды) әзірлеу және рәсімдеу. 5.4 Ақпараттандыру объектісі жобасының аралық бөліктеріне жобалауға тапсырмалар әзірлеу.
6 Жұмыс құжаттамасы	6.1 АЖ-ге және оның құрамбөліктеріне жұмыс құжаттамасын әзірлеу. 6.2 Бағдарламаларды әзірлеу немесе бейімдеу.
7 Қолданысқа енгізу	7.1 Ақпараттандыру объектісін АЖ қолданысқа енгізуіне дайындау. 7.2 Қызметкерлерді дайындау. 7.3 АЖ жеткізіліп берілетін бұйымдармен толықтыру. 7.4 Құрылыстық-жинақтау жұмыстары. 7.5 Іске қосу-баптау жұмыстары. 7.6 Алдын ала сынақтарды өткізу. 7.7 Тәжірибелік пайдалануды өткізу. 7.8 Қабылдау сынақтарын өткізу.
8 АЖ пайдалану	8.1 Кепілді міндеттемелерге сәйкес жұмыстарды орындау. 8.2 АЖ пайдалану.

6.1.1 АЖ құру (дамыту) кезінде орындалатын жұмыстардың сатылары мен кезеңдерінің құрамы, реттілігі мен іске асырылу мерзімдері осы

стандартта берілген жұмыстардың сатылары мен кезеңдерінің қатарынан жүйе құру (дамыту) үшін техникалық тапсырмада (немесе келісім-шартты орындау ведомосында) белгіленеді.

6.1.2 Құрылатын АЖ ерекшелігіне және оны құру жағдайларына байланысты жұмыстардың жеке кезеңдерін алдыңғы сатылар аяқталғанға дейін орындау және жұмыстар кезеңдерін уақытпен параллель орындауға рұқсат етіледі.

6.1.3 АЖ әзірлеуге арналған техникалық тапсырма және жобалық-сметалық құжаттама міндетті түрде мемлекеттік құпияларды және ақпараттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен, ақпарат және байланыс және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдармен келісіп шешіледі.

6.2 Жобалау кезеңдері бойынша жұмыстардың мазмұны

6.2.1 1.1 «Объектіні тексеру және АЖ құру қажеттігін негіздеу» кезеңінде жалпы жағдайда мынадай:

- ақпараттандыру объектісін тексеру (мәліметтерді жинау және талдау), ақпараттық қауіпсіздік (АҚк) режимі жағдайын бағалау;
- жобаланатын АЖ функциялары мен міндеттерін іске асыру кезінде ҚА режимін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қалыптастыру;
- шетелдік және отандық аналогтар туралы мәліметтер жинау;
- АЖ құрудың мақсатқа сәйкестілігінің техникалық-экономикалық, әлеуметтік және т.с.с бағалау жұмыстарын орындау қарастырылады.

6.2.2 АЖ-ге 1.2 «Тапсырыс берушінің бастапқы талаптарын қалыптастыру» кезеңінде АЖ-ге қойылатын талаптарды қалыптастыру үшін бастапқы деректерді:

- ақпараттандыру объектісінің сипаттамасын;
- құрылатын АЖ функциялары мен міндеттерін;
- АЖ (климаттық және механикалық әрекеттерге қойылатын талаптар) жұмыс жасау шарттарын;
- АЖ әр функциясы мен міндеті бойынша (қол жетімсіздік мерзімі, қол жеткізу уақыты және заттық саламен анықталатын басқа көрсеткіштер; сенімділік, сақтау, жеткізу көрсеткіштері; ақпараттың құпиялығының үдеуі) ҚА режимін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды;
- АЖ құру және пайдалану шарттарын;
- әзірлеуге кететін рұқсат етілетін шығындарды шектеуді;
- ҒЗЖ өткізуді (қажет кезде);
- АЖ қойылатын талаптарды қалыптастыруды және ресімдеуді дайындау жүргізіледі.

6.2.3 1.3 «Орындалған жұмыс туралы есепті және АЖ әзірлеуге берілген өтініштерді рәсімдеу» кезеңінде осы кезеңде орындалған жұмыстар туралы

есепті рәсімдеу жүргізіледі және АЖ әзірлеуге өтініш немесе басқа оның орнына жүретін құжат ресімделеді.

6.2.4 2.1 «Ақпараттандыру нысанын зерттеу» және 2.2 «ҒЗЖ жүргізу» кезеңдерінде ҒЗЖ орындаушы-ұйым ақпараттандыру объектісін егжей-тегжейлі зерттейді және тапсырыс берушінің талаптарын іске асыру мүмкіндігі жолдарын және бағалауды іздестірумен байланысты қажетті ҒЗЖ өткізеді, өткізілген ҒЗЖ бойынша есептерді рәсімдейді және бекітеді.

6.2.5 2.3 «Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын АЖ тұжырымдамасының және ҚА тұжырымдамасының нұсқаларын әзірлеу және АЖ тұжырымдамасының нұсқасы мен ҚА тұжырымдамасының нұсқасын таңдау» кезеңінде:

– құқықтық және келісім-шарттық талаптарды талдау;

– АЖ тұжырымдамасының балама нұсқаларын, ҚА тұжырымдамаларының балама нұсқаларын және оларды жүзеге асыру жоспарларын әзірлеу;

– жүйенің ақпараттық ресурстарлары душар етілуі мүмкін қауіп-қатерлерді (қауіптер топтарын) талдау;

– балама нұсқаларды жүзеге асыруға қажетті ресурстарды бағалау және жұмыс жасауды қамтамасыз ету;

– нұсқалардың ерекшелігін және кемшілігін бағалау;

– тапсырыс берушінің талаптарын және АЖ жорамалданған нұсқасының сипаттамаларын салыстыру;

– АЖ тұжырымдамасының оңтайлы нұсқасын таңдау және ҚА тұжырымдамасының оңтайлы нұсқасын таңдау;

– АЖ сапасын бағалау тәртібін және қабылдау шарттарын анықтау;

– АЖ-ден алынатын әсерлерді бағалау жүргізіледі.

6.2.6 2.4 «Аванжобаға арналған техникалық (тактикалық - техникалық) тапсырма әзірлеу» кезеңінде аванжобаға ТТ (ТТТ) әзірлеу, келісу мен бекіту және, қажетіне қарай, АЖ құрама бөліктеріне техникалық тапсырмалар жүргізіледі.

6.2.7 2.5 «Орындалған жұмыс туралы есеп рәсімдеу» кезеңінде сатылардағы орындалған жұмыстардың сипаттамасы бар есеп және АЖ тұжырымдамасының ұсынылған нұсқасының және ҚА тұжырымдамасының ұсынылған нұсқасының сипаттамасы мен негіздемесі дайындалады және ресімделеді.

6.2.8 2.6 «Аванжоба әзірлеуге тапсырыс беруші мен орындаушының ортақ шешімін дайындау» кезеңінде келісім-шарт жасалады немесе тапсырма беруші мен орындаушының аванжоба әзірлеуге арналған ортақ шешімі ресімделеді.

6.2.9 3.1 «АЖ-ге ТТ әзірлеу» кезеңі және 3.2 «АЖ қосалқы жүйелеріне жеке ТТ әзірлеу» кезеңі 6.2.9.1 – 6.2.9.8 жұмыстарын орындауды қарастырады.

6.2.9.1 АЖ құрудың мақсатқа сәйкестілігінің техникалық негіздемесі, оны қолдану мәселелерін түбегейлі қарастыру.

6.2.9.2 АЖ техникалық мүмкіндіктерін, құру жолдарын анықтау, техникалық шешімдердің мүмкін нұсқаларын қарастыру, АЖ оңтайлы нұсқасы мен құрамын таңдаудың негіздемесі.

6.2.9.3 АЖ қойылатын талаптарды қалыптастыру:

– жалпы техникалық талаптар;
– АЖ функцияларына қойылатын талаптар;
– техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
– бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
– ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
– лингвистикалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
– ұйымдық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
– методикалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
– ақпараттық қауіп-қатерлердің сипаттамасы;
– АЖ-де ақпаратты қорғау міндеттері;
– қорғалатын ақпараттың тізімі және оны қорғау тиімділігінің талап етілетін нормалары (деңгейлері);
– өздері үшін қауіп-қатерді талдау жүргізілетін жүйе элементтерін таңдау;
– қорғау пішіні және АҚ құралдарына қойылатын талаптар;
– ҚА режимін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
– ұйымның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар;
– қызметкерлер құрамының даярлығына қойылатын талаптар;
– құқықтық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
– құжаттамаға қойылатын талаптар.

6.2.9.4 Жобаланатын АЖ-ні тапсырма берушімен келісілген көрсеткіштер бойынша ұқсас отандық және шетелдік үлгілермен салыстыру.

6.2.9.5 Сынақтар жасау үшін АЖ құрамбөліктерінің үлгілерін анықтау.

6.2.9.6 ТКЖ орындаудың лимиттік құнын және АЖ пайдалануға шамамен алынған шығындарды есептеу.

6.2.9.7 АЖ құру бойынша ТКЖ-ға ТТ әзірлеу.

6.2.9.8 Аванжоба орындау қорытынды бойынша есеп құжаттаманы сол бойынша қабылданған шешімдерді негіздей отырып жасау.

6.2.10 «Эскиз жоба» сатысы ТКЖ эскиз жобасын әзірлеу кезеңінде 4.1 және 4.2 жұмыстарының сатыларын орындауды қарастырады.

6.2.10.1 4.1 «Жұмыс жасау тетіктерін іске асыратын АЖ таңдалған нұсқасы бойынша алдын ала жобалық шешімдерді әзірлеу» кезеңінде мыналар:

– АЖ функциялары;
– қосалқы жүйелердің функциялары, олардың мақсаттары мен әсерлері;

– міндеттер жиынтығының және жеке міндеттердің құрамы;

– ақпараттық ресурстардың тұжырымдамасы, оның ұлғайтылған құрылымы;

– дерекқорды басқару жүйесінің функциялары және есептегіш жүйенің құрамы;

– негізгі бағдарламалық құралдардың функциялары мен параметрлері;

– ҚА тәртібін қамтамасыз ететін жүйенің және қосалқы жүйенің құрылымы жөніндегі техникалық шешімдер, иерархия деңгейлері және ҚА басқару жүйе;

– ҚА режимін қамтамасыз ететін жүйенің жұмыс жасау режимдері мен оның жай-күйін диагностикалау жөніндегі техникалық шешімдер;

– жүйе сапасын сипаттайтын, ҚА режимін қамтамасыз ететін көрсеткіштердің сипаттамасы және оны өлшеу әдістері;

– ұсынылатын жоба шегінде қорғау қамтамасыз етілетін ҚА қауіп-қатерлерінің тізімі анықталады.

6.2.10.2 4.2 «АЖ-ге және оның бөлімдеріне арналған құжаттама әзірлеу» кезеңінде қабылданған шешімдердің толық жиынтығын сипаттау үшін қажетті және АЖ құру бойынша жұмыстарды онан әрі орындау үшін жеткілікті көлемде құжаттаманы әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту жүргізіледі.

Түсіндірме жазбада іске қосу, қалыпты және апаттық режимдерде ақпараттық жүйенің және АҚ техникалық құралдардың жұмыс жасауын және ҚА режимін қамтамасыз ететін техникалық құралдарды таңдауға негіздеме жүргізіледі.

6.2.11 «Техникалық жоба» сатысы ТКЖ техникалық жоба әзірлеу кезеңінде іске асырылады және оған 5.1 – 5.4 кезеңдері кіреді.

6.2.11.1 5.1 «Жүйе және оның құрамбөліктері бойынша жобалық шешімдерді әзірлеу» кезеңінде АЖ және оның бөліктері, жүйенің атқарымдық-алгоритмдік құрылымы бойынша, қызметкерлердің функциялары мен ұйымдастыру құрылымы бойынша, техникалық құралдар құрылымы бойынша, есеп шығару алгоритмдері мен қолданылатын тілдері бойынша, ақпараттық ресурстарды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша, бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша, деректерді жинауды және беруді ұйымдастыру бойынша жалпы шешімдерді әзірлеуді қамтамасыз етеді.

6.2.11.2 5.2 «АЖ-ге және оның бөлімдеріне құжаттама әзірлеу» кезеңінде жалпы жүйелік мәселелер бойынша, соның ішінде АЖ құрылымы бойынша және қамтамасыз ету түрлері бойынша соңғы шешімдер әзірленеді.

Кезеңде ҚА бөлігінде:

– үй-жайға кіру және жабдыққа қол жеткізу рұқсаты мәселелерін, ақпаратты тасымалдаушылармен жұмыс істеуді, ақпаратқа қол жеткізуді регламенттейтін қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары;

– АЖ-дегі әкімгерлік ережелер;

– АЖ-де пайдаланушылар жұмысының ережелері;

– басқа жақтың ұйымдарымен жұмыс жасау ережелері әзірленуге тиіс.

Қорғаудың кешендік жүйесінің негізгі құрайтын іс-шараларын қарай отырып, ҚА режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

– қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру;

– ҚА физикалық қорғау және режимін сақтауды бақылау;

– бірнеше рет пайдалану жүйесінде қол жеткізуді ұйымдастыру;

– желілерде жұмысқа қабілеттікті демеу және ҚА қамтамасыз ету;

– қалпына келтіру жұмыстарын жоспарлау әзірленуге тиіс.

Жұмыс нәтижелері «Ақпаратты қорғау құралдары және қорғау тиімділігін бақылау құралдары» техникалық жобасында АЖ техникалық жобасының бөлімі сияқты жазылуға тиіс.

6.2.11.3 5.3 «Жинақтаушы бұйымдарға арналған құжаттарды және/немесе оларды әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаларды (техникалық талаптарды) әзірлеу және рәсімдеу» кезеңінде:

– АЖ жинақтау үшін бұйымдарды жеткізуге арналған құжаттаманы дайындау және рәсімдеу;

– техникалық талаптар анықтау және сериялы жеткізілмейтін өнімдерді әзірлеуге ТТ құрастыру;

– ақпаратты қорғау құралдарына техникалық тапсырма әзірлеу және тәжірибелік үлгілер даярлау;

– ақпаратты қорғау тиімділігін бақылау құралдарына техникалық тапсырмалар әзірлеу және тәжірибелік үлгілер даярлау жүргізіледі.

6.2.11.4 5.4 «Ақпараттандыру объектісі жобасының аралық бөлімдерінде жобалауға тапсырмалар әзірлеу» кезеңінде, құрылыс, электротехникалық, коммуникациялық, санитарлық-техникалық және АЖ құрумен байланысты басқа дайындық жұмыстарын өткізу үшін АЖ жобасының аралық бөліктерінде жоба жасауға тапсырмаларды әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту жүзеге асырылады.

6.2.12 6.1 «АЖ-ге және оның құрамбөліктеріне жұмыс құжаттамасын әзірлеу» кезеңінде АЖ қолданысқа енгізу және оны пайдалану жөніндегі жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар жүйенің пайдалану сипаттамаларының деңгейін қабылданған жобалық шешімдерге сәйкес қолдау үшін барлық қажетті және жеткілікті мәліметтер, оны дайындау, келісу және бекіту бар жұмыс құжаттамасын әзірлеу жүргізіледі.

Мынадай:

– қызметкерлер жұмысын ұйымдастыру;

– АЖ физикалық қорғау және АҚ сақтауды бақылау;

– бірнеше рет пайдалану жүйесінде қол жеткізуді ұйымдастыру;

– жұмысқа қабілеттікті қолдау және желілерде АҚ қамтамасыз ету;

– қалпына келтіру жұмыстарын жоспарлау бөлімдері бар АҚ режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленуге тиіс.

Мыналар:

– үй-жайға кіру және жабдыққа қол жеткізу рұқсаты мәселелерін, ақпаратты тасымалдаушылармен жұмыс істеуді, ақпаратқа қол жеткізуді регламенттейтін қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары;

– АЖ-дегі әкімгерлік ережелер;

– АЖ-де пайдаланушылар жұмысының ережелері;

– басқа жақтың ұйымдарымен жұмыс жасау ережелері әзірленуге тиіс.

Сонымен қатар осы кезеңде АЖ-ге нақтылы ТКЖ шегінде ТТ бойынша даярланған құрамбөліктердің тәжірибелік үлгілері даярлануға тиіс және олар сынақтардан өткізілуге тиіс.

6.2 «Бағдарламаны әзірлеу немесе бейімдеу» кезеңінде жүйенің бағдарламалары мен бағдарламалық құралдарының әзірленуі, сатып алынатын құралдарды таңдау, бейімдеу және/немесе байластыру, сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдар жүргізген сатып алынған бағдарламалық құралдардың ақпарат қауіпсіздігі бойынша белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жүргізіледі.

Деректерді жинауды және беруді ұйымдастыру жөніндегі техникалық шешімдер, сонымен қатар АҚ режиміне қатысты бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі техникалық шешімдер берілуге тиіс.

6.2.13 7.1 «Ақпараттандыру объектісін АЖ қолданысқа енгізуге дайындау» кезеңінде ақпараттандыру объектісін АЖ қолданысқа енгізуге ұйымдастырушылық даярлау бойынша жұмыстар, соның ішінде:

– АЖ ұйқастыру құрылымы бойынша жобалық шешімдерді іске асыру;

– бөлімшелерді нұсқаулық-әдістемелік мәліметтермен қамтамасыз ету;

– ақпарат жіктеуіштерін енгізу;

– АЖ-де АҚ анықтайтын сыни маңызды функциялар мен жүйелерді табу;

– АҚ үшін болуы мүмкін апаттар тізімін және олардың салдарын анықтау;

– стихиялық апаттардан, апаттардан, бұзушыларды шабуылдарынан болған, жұмыстағы бұзылу нәтижелерін жоюға бағытталған АҚ шараларын әзірлеу жүргізіледі.

Бірнеше рет пайдалану жүйесінде сондай-ақ АЖ қол жеткізу мәселелері шешілуге тиіс:

– пайдаланушыларды тіркеу;

– пайдаланушылардың құпия сөздерін басқару;

– артықшылықтарды басқару;

– пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарын қайта қарау;

– жүйені, соның ішінде ҚА жүйесін әкімшілік ету үшін айрықша қол жеткізуді басқару.

Пайдалануға дайындау процесінде ақпараттандыру объектісін физикалық қорғау ұйымдастырылуға және мынадай:

– үй-жайға кіру рұқсаты;

– құпиялылықты сақтау;

– оқиғаларды тіркеу журналдарын жүргізу – АЖ–ге қол жеткізуге (сәтті және сәтсіз) ұмтылуды есепке алу;

– ақпарат тасымалдаушыларына және оларды қорғауға (пайдаланушыларды тіркеу, артықшылықтарды басқару; пайдаланушының құпия сөздерін басқару; пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарын қайта қарау; терминалдардың тұрып қалған уақытын қадағалау және бақылаусыз қалған пайдаланушы жабдығын қорғау; қызмет көрсетулерге қол жеткізуді шектеу; қосудың рұқсат етілген кезеңін шектеу) қол жеткізуді ұйымдастыру;

– АЖ бойынша құжаттамаларға қол жеткізу мәселелер бөлігінде ҚА режимін сақтауға бақылау жасауды ұйымдастырылуға тиіс.

7.2 «Қызметкерлерді дайындау» кезеңінде қызметкерлерді оқыту және олардың АЖ жұмысын қамтамасыз етуге даярлығына тексеру жүргізіледі, сондай-ақ АЖ-дегі жұмысқа пайдаланушылардың қол жеткізу, ҚА физикалық қорғауды және оның режимін сақтауға бақылауды ұйымдастыру мәселелері шешілуге тиіс.

7.3 «АЖ жеткізіліп берілетін бұйымдармен толықтыру» кезеңінде сериялық және жеке өндірістің жинақтаушы өнімдерін, материалдар мен монтаждау бұйымдарын алу қамтамасыз етіледі. Олардың сапасын кіріс бақылау және ақпараттық қауіпсіздіктің белгіленген талаптарына сәйкестігін растау жүргізіледі.

7.4 «Құрылыс-монтаж жұмыстары» кезеңінде:

– арнайы үй-жайлардың (ғимараттардың, құрылыстардың) құрылысы бойынша АЖ техникалық құралдары мен қызметкерлерін орналастыру үшін жұмыстар орындау;

– кабельді арналарды құрастырып салу;

– техникалық құралдарын және байланыс жолдарын құрастыру бойынша жұмыстар орындау;

– құрастырылған техникалық құралдарды сынау;

– іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу үшін құрастырылған техникалық құралдарды беру жүргізіледі.

7.5 «Іске қосу-баптау жұмыстары» кезеңінде техникалық және бағдарламалық құралдарды автоном жөндеу, дерекқорға ақпарат енгізу және оны жүргізілу жүйесін тексеру, жүйенің барлық құралдарын құрама баптау жүргізіледі. Жұмыс жүргізу процесінде:

– үй-жайға кіруге рұқсат;

– құпиялылықты сақтау;

– оқиғаларды тіркеу журналдарын жүргізу;

– ақпарат тасымалдаушыларға қол жеткізуді ұйымдастыру;

– АЖ бойынша құжаттамаларға қол жеткізуді бақылау ұйымдастырылуға тиіс.

Іске қосу-баптау жұмыстары құпия емес (шартты) ақпаратты қолдану арқылы жүргізілуге тиіс.

7.6 «Алдын ала сынақтар жасау» кезеңінде:

– АЖ жұмысқа қабілеттілікке және алғашқы сынау бағдарламасы мен әдістемесі бойынша техникалық тапсырмаға сәйкестікке сынау;

– төтенше жағдайларға АЖ әрекет етуді тексеру және апаттық жұмыс режиміне өту;

– функцияларды орындау және бақылау міндеттерін шешу кезінде АЖ жұмыс жасайтын барлық режимдерінде ҚА бағдарламалық-техникалық тетіктерін тексеру;

– бұзылуды жою және АЖ арналған құрастырылымдық құжаттамаға өзгерістер енгізу;

– тәжірибелік пайдалануға АЖ қабылдау туралы сынау хаттамаларын және актіні рәсімдеу жүзеге асырылады.

7.7 «Тәжірибелік пайдалануды жүргізу» кезеңінде:

– АЖ тәжірибелік пайдалану;

– тәжірибелік пайдалану нәтижелерін талдау;

– АЖ бағдарламалық қамтамасыз етуді (қажет жағдайда), ақпаратты қорғау құралдарын және ақпаратты қорғау тиімділігін бақылау құралдарын түзету;

– жұмыстың барлық режимдерінде АЖ апаттық режимдерін қоса, АҚ техникалық құралдарын кешенді жөндеу;

– АЖ тәжірибелік пайдаландыру аяқталғаны туралы актіні рәсімдеу жүргізіледі.

7.8 «Қабылдау сынақтарын жүргізу» кезеңінде:

– Белгіленген тәртіппен бекітілген қабылдау сынақтарының бағдарламасы мен әдістемесіне сәйкес ТТ сәйкестігіне сынақтар жүргізу;

– сынау нәтижелерін талдау және сынау процесінде табылған кемшіліктерді жою;

– сынау хаттамаларын және АЖ пайдалануға қабылдау туралы актіні рәсімдеу;

– бюджеттік бағдарлама әкімгерінің әзірлеген АЖ-сін заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау;

– нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ақпараттандыру және байланыс саласында уәкілетті орган жасаған АЖ салалық бағалау жүргізіледі.

АЖ пайдалануға енгізу күні деп қабылдау комиссиясының АЖ қолданысқа енгізу туралы актіге қол қойған күні саналады.

Қорғалатын ақпаратты өңдеу үшін АЖ қолдану сәйкестікті растау жөніндегі тиісті аккредиттелген орган жасаған ақпарат қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына оның сәйкестігін растағаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

АЖ қолдану мүмкіндігі туралы шешімді жүйенің қабылдау сынақтарын жүргізу жөніндегі комиссияның актісі негізінде тапсырыс беруші қабылдайды.

6.2.14 8.1 «Кепілді міндеттемелерге сәйкес жұмыстарды орындау» кезеңінде белгілеген кепілді мерзім ішінде АЖ пайдалану кезінде табылған кемшіліктерді жою, АЖ құжаттамаларына қажетті өзгертулер енгізу жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылады.

8.2 «АЖ пайдалану» кезеңінде:

– АЖ жұмыс жасауын талдау;

– Нақты пайдалану сипаттамаларының жобалық мәндерден ауытқуларын табу және осы ауытқулардың себептерін белгілеу;

– табылған кемшіліктерді жою және пайдалану сипаттамаларының тұрақтығын және ҚА қамтамасыз ету;

– енгізілген өзгертулерді олар қатысты тұлғаларға жеткізетін белгіленген процедуралар мен ережелерге сәйкес құрастырылымдық құжаттамаға өзгертулер енгізу. бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.

6.3 Сатылар бойынша жұмыстарды орындау нәтижелері

6.3.1 «АЖ қойылатын талаптарды қалыптастыру» сатысын орындау нәтижесі ғылыми-техникалық есеп, аванжобаға арналған техникалық тапсырма, АЖ құру үшін техникалық-экономикалық негіздеме мен тапсырыс болып табылады.

6.3.2 «АЖ тұжырымдамасын және ҚА тұжырымдамасын әзірлеу» сатысын орындау нәтижесі есеп беру болып табылады. Осы сатысында әзірленетін есепте, «Құрылатын АЖ функциялары мен міндеттері» бөлімінде «ҚА режимін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар» қосалқы бөлімі болуға тиіс. Оның ішінде ҚА режимін АЖ әр функциясы мен міндеті бойынша қамтамасыз етуге қойылатын талаптар сипатталуға тиіс.

Құрылатын АЖ тұжырымдамасының нұсқасын таңдағаннан кейін мынадай:

– құқықтық және келісім-шарттық талаптар;

– АЖ функциялары мен міндеттері бойынша ҚА режимін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар факторлары топтарын талдау негізінде АҚ тұжырымдамасы әзірленуге тиіс.

Талдау нәтижелері бойынша ұйымды тұтасымен:

– ҚА саласындағы ұйым көздейтін мақсаттар мен басымдылықтарды;

– осы мақсаттарға қол жеткізудегі жалпы бағыттарды;

– ұйым деңгейінде толығынан шешілуге тиіс ҚА бағдарламасының аспектілерін;

– лауазымды тұлғаларды және олардың ҚА бағдарламасын іске асыру бойынша міндеттерін қозғайтын ҚА негізгі ережелері қалыптастырылады.

ҚА саясатының тұжырымдамасы есеп түрінде ресімделуге тиіс.

6.3.3 «Аванжоба» сатысын орындау нәтижесі АЖ құруға арналған техникалық тапсырма болып табылады. Техникалық тапсырмада ҚА саясаты:

– сыни ақпараттық ресурстарды таңдау;

– сыни ақпараттық ресурстар үшін қауіп-қатерлерді талдау;

– қорғау құралдарына қойылатын талаптарды анықтау;

– ҚА режимін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі шешімдерді таңдау;

– қалдық қауіп-қатерді бағалау;

– ұйымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бөлімдерімен бірге құжат түрінде ресімделуге тиіс.

Қауіп-қатерлерді талдау жөніндегі, АҚ құралдарына қойылатын талаптарды анықтау жөніндегі және қалдық қауіп-қатерді бағалау жөніндегі ұсынымдар – [2,3,4] бойынша.

ҚР СТ 1201 бойынша ТТ құруға, мазмұнына және баяндалуына қойылатын талаптар.

6.3.4 «Эскиз жоба» сатысын орындау нәтижесі эскиз жоба болып табылады. Құжаттарды орындауға қойылатын талаптар ГОСТ 2.119 бойынша.

6.3.5 «Техникалық жоба» сатысында жұмыстар орындау нәтижесі техникалық жоба болып табылады. Құжаттарды орындауға қойылатын талаптар ГОСТ 2.120 бойынша.

АЖ эскиздік және техникалық жобалау нәтижелері бойынша, қажетіне қарай, ҚР СТ 1201 бойынша бекітілген ТТ-ға өзгерістер енгізу үшін белгіленген тәртіппен ТТ талаптарын түзетуге рұқсат етіледі.

6.3.6 «Жұмыс құжаттамасы» сатысында жұмыстар орындау нәтижесі АЖ жасауға және құрастыруға арналған конструкторлық құжаттама жиынтығы, тапсырыс берушімен келісілген бағдарламалар мен әдістемелер бойынша белгіленген тәртіппен сынақтардан өткен АЖ құрамбөліктері құралдарының тәжірибелік үлгілері, қызметкерлер құрамының және АЖ пайдаланушылардың лауазымдық нұсқаулықтары болып табылады.

6.3.7 «Қолданысқа енгізу» сатысында жұмыстар орындау нәтижесі өнеркәсіптік пайдалануға АЖ қабылдау актісі және АЖ аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуге сәйкестік сертификаттары, ақпаратты қорғау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін растау жөніндегі тиісті аккредиттелген органдар берген

ақпаратты криптографикалық қорғайтын және тұтасымен ақпарат жүйесіне арналған құралдар болып табылады.

7 ҚА режимін қамтамасыз етуге арналған АҚ құралдарына қойылатын жалпы талаптар

ҚА режимін қамтамасыз етуге арналған АҚ құралдарына қойылатын жалпы талаптарға:

- атқарымдық талаптар;
- тиімділігіне қойылатын талаптар;
- техникалық талаптар;
- экономикалық талаптар (экономикалық негіздеме);
- пайдалану құжаттамасына қойылатын талаптар кіреді.

7.1 Атқарымдық талаптар

Атқарымдық талаптарға мынадай талаптар тобы:

– өңделетін ақпараттың құпиялық белгісі және АЖ санаты (қорғалу сыныбы);

– ақпаратты қорғау мақсаттар;

– АЖ-де қорғалатын ақпараттың тізімі және оны қорғау тиімділігінің талап етілетін нормалары (деңгейлері);

– Ақпараттың жылыстауы мүмкін арналары және оған санкцияланбаған қол жеткізу тәсілдері, ақпаратқа санкцияланбаған және абайсызда тиетін әсерлер;

– АЖ-де ақпаратты қорғау міндеттері кіреді.

7.1.1 Ақпараттың құпиялық белгісін, АЖ қорғау санатын (қорғалу сыныбын) қолданыстағы нормативтік құжаттар [1] негізінде тапсырыс беруші анықтайды.

7.1.2 Ақпаратты қорғау мақсаты – ақпараттың қауіпсіздігіне қауіп-қатер іске асыру нәтижесінде иеге және/немесе пайдаланушыға келтірілетін зиянның алдын алу немесе көлемін азайту.

Ақпаратты қорғау мақсаты АЖ өмірлік циклінің әрбір сатысы үшін қалыптастырылуға, онда мақсатқа қол жеткізу тиімділігінің көрсеткіші және оның талап етілетін мәні болуға тиіс.

7.1.3 АЖ-де қорғалатын ақпараттың тізімі және оны қорғау тиімділігінің талап етілген деңгейлері (нормалары)

7.1.3.1 АЖ-де қорғалатын ақпараттың нақты тізімі АЖ тағайындауға, АҚ мақсаттарына, АЖ құрамы мен құрылымына сүйеніп, сондай-ақ АҚ құралдарының құрамы мен құрылымымен анықталуға тиіс.

Қорғалатын ақпараттың тізімі тұтасымен АЖ үшін де, сонымен қатар оның құрамбөліктері үшін де анықталады.

7.1.3.2 АҚ тиімділігі жөніндегі талаптарға:

– ақпаратты қорғайтын іске асырылатын тәсілдердің тізімі;

– АҚ тиімділігі көрсеткіштерінің тізімі;

– АҚ тиімділігінің талап етілетін деңгейлері кіреді.

7.1.4 Ақпараттың жылыстауы мүмкін арналарын, оған санкциясыз қол жеткізу тәсілдерін, ақпаратқа санкцияланбаған және абайсызда тиетін әсерлерді анықтау жұмыс жасау алгоритмдерінің құрамын, құрылымын талдау негізінде және АЖ ақпарат қауіпсіздігінің қауіп-қатерлері үлгілерін пайдалана отырып орналастыру шарттары мен қорғалатын ақпаратқа әсер ететін факторлар негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Ақпаратқа әсер ететін факторларды жіктеу және олардың атаутізімі – ҚР СТ 1202 бойынша.

7.1.5 Ақпаратты қорғау міндетінің әрқайсысын қалыптастыруға:

– АЖ және оның құрамбөліктері үшін міндеттерді шешу кезінде алды алынуы (жойылуы) қажет қауіпсіздіктің нақты қауіп-қатерінің атауы;

– міндетті шешу тәсілін қалыптастыру;

– нақты міндетті шешу кезінде іске асырылуға тиіс функциялар тізімі;

– міндеті шешу тиімділігіне немесе кепілдіктеріне қойылатын талаптар;

– нақты міндетті шешуге бөлінетін АЖ ресурстарына қойылатын шектеулер кіруге тиіс.

7.1.5.1 АЖ –де АҚ міндеттеріне кіреді:

– техникалық құралдар көмегімен байланыс арналары бойынша берілетін ақпаратты жолдан ұстаудың алдын алу;

– жанама электромагнитті сәулелену және көздеулер есебінен өңделетін ақпараттың жылыстауының алдын алу;

– өңделетін немесе АЖ-де сақталатын қорғалатын ақпаратқа санкциясыз қол жеткізуді болғызбау;

– қорғалатын ақпаратты бұзатын, жоятын, бұрмалайтын немесе АЖ құралдарының жұмыста жаңылысуына әкелетін санкцияланбаған немесе абайсызда болатын әсерлердің алдын алу;

– АЖ техникалық құралдарына енгізілетін ақпаратты жолдан ұстайтын құрылғыларды табу;

– пайдаланушылардың қорғалатын ақпараты және оны тасымалдаушылар бар АЖ жұмысына қол жеткізудің рұқсат етілетін жүйесін ұйымдастыру;

– ақпаратты тасымалдаушыларды жою;

– АЖ-дегі жүйелердің және ақпаратты қорғау құралдарының жұмыс жасауын бақылауды қамтамасыз ету кіреді.

7.2 АҚ тиімділігінің көрсеткіштеріне қойылатын талаптар

АҚ тиімділігінің көрсеткіштерінің тізімі және АҚ тиімділігінің талап етілетін деңгейлері (нормалары) қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленеді.

7.3 АҚ құралдарына қойылатын техникалық талаптар

АҚ құралдарына қойылатын техникалық талаптарда АЖ қамтамасыз етудің негізгі түрлеріне (техникалық, бағдарламалық), АЖ орнатылатын ғимараттарға (құрылыстарға, үй-жайларға) немесе объектілерге, АЖ аппаратурасы мен жабдығын орналастыруға және құрастыруға, сондай-ақ АҚ құралдарына және АҚ тиімділігін бақылау құралдарына қойылатын талаптар жазылған.

7.3.1 АҚ құралдарына қойылатын талаптарында АЖ атқарымдық тағайындалуы бойынша қолданылатын негізгі техникалық құралдарға сияқты, негізгі техникалық құралдардың жұмыс жасауын қамтамасыз ететін көмекші техникалық құралдарға да қойылатын талаптар бар.

